


Жаратылыстану және ақпараттандыру факультеті

«Жаратылыстану және ақпараттандыру» факультеті Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтының құрылымдық бөлімі болып табылады. Факультет құрамына «Математика», «Физика», «Информатика», «Химия», «Биология», «География» білім беру бағдарламалары және қосарланған білім беру бағдарламалары, оларды жүзеге асыратын зертханалар кіреді. 2004-2005 оқу жылынан бастап ҚР мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес кредиттік технология бойынша бакалаврларды дайындау жүзеге асуда.

Факультетте жалпы 446 студент, оның ішінде күндізгі бөлімде 296 студент күндізгі бөлімде, 150 студент күндізгі қысқартылған бөлімде білім алады.

Жаратылыстану және ақпараттандыру факультетінің білім беру бағдарламалары пәнаралық байланысты үйлестіре отырып, нағыз заманауи педагог-мамандарды дайындайды. Оқыту күндізгі және күндізгі қысқартылған формасында жүргізіледі. Оқу мерзімі 2, 3, 4 жыл. Күндізгі оқу бөлімінің студенттерінде білім гранттарының иегері болу мүмкіндіктері бар.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігінің қолдауымен Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты «Ака-



айналады. Болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға қажетті барлық оқу құралдарымен жабдықталған орталық зертханалары Назарбаев зияткерлік мектебінің оқу кабинеттері мен зертханаларының үлгісінде ұйымдастырылады. Сондықтан, аталмыш мемлекеттік инвестициялық жоба білім

пәні оқу үрдісінде енгізілген. Қазіргі уақытта STEM білім – білім беру тренді болып саналады. Бұл пән бірнеше пәндерді біріктіреді: Science – ғылым, Technology – технология, Engineering – инженерия, Mathematics – математика, яғни жаратылыстану ғылымдары мен инженерлік пәндерді бір жүйеге біріктіретін пән.

білімнің қарашаңырағы атанған Арқалық педагогикалық институты ұлы тұлғаның есімін ұлықтау, педагогикалық қызметін насихаттау сияқты келең жұмыстардан тыс қалған емес. Қазақ зиялыларының бастау бұлағында тұрған Шоқан Уәлихановтың қалттың ұят болуы екі-ақ нәрсеге байланысты. Оның біріншісі – азаттық, екіншісі – білім» демекші, қазақ педагогикасының дамуы көптеген жылдарға созылып, қазіргі кездегі білім беру жүйесіне алып келді. Әлбетте, қазіргі білім беру жүйесінің даму процесі әлі біткен жоқ және де ұзақ уақытқа созылатыны белгілі. Арқалық қаласында орналасқан Ыбырай Алтынсарин атындағы педагогикалық институт та сол бір көлемді процесстің маңызды бөлшегі болып табылады.

1950-ші жылдардан кейін әлемде педагогика, білім беру процесі қалыпты дамуға көшті. АҚШ, Ұлыбритания, Франция секілді мемлекеттермен тең түсіп, білім жағынан КСРО және де оның құрамына кіретін Қазақстан да әлемдік стандарттардағы білім беру саласын дамытты. Оған әлбетте ғылымның дамуы әсер еткен еді. Қазіргі қазақ университеттерінің көбі кеңес үкіметі заманында құрылып, қазірдің өзінде өз қызметін жалғастыруда. Солардың қатарында Ыбырай Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтының да өзіндік орны бар.

Келесі жылы 50 жылдық мерейтойын атағалы отырған институттың тарихы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен ҚазКСР Министрлер Кеңесінің 1972 жылдың 12 сәуіріндегі №220 қаулысына сәйкес сол кездегі Торғай облысының орталығы болған Арқалық қаласында педагогикалық жоғары оқу орнының құрылуынан басталды. Институттың алғашқы ректоры болып техника ғылымының кандидаты, доцент Мырзағали Отарұлы Төлегенов тағайындалды.

Институт қызметін бір фа-

бірінші бұйрық тизімімен қабылданып, құрметті зейнеткерлікке дейін қызмет еткендер С.Рахметова (шет тілдер кафедрасының меңгерушісі), Ж.Абдигалиева (физика-математика кафедрасының меңгерушісі), қосымша және шаруашылықта қызмет жасағандар А.Фаңиеніч, В.Аксюнич, Т.Қайралипова, К.Сәлімовалар болатын.

1976 жылы институтымызды бітірген 152 түлек болашақ физика, математика, орыс тілі және әдебиеті пәндерінің мұғалімдері институтымыздың алғашқы қарлығандары болатын. Олардың өмірлеріндегі алғашқы институт кабинеттері, алғашқы ұстаздар, алғашқы сабақ, алғашқы сессия, алғашқы баға сияқты студент-жастардың бағалы құндылықтарына айналған түсініктер мәңгі естерінде болар.

Институттың профессор-оқытушылар құрамының қалыптасуына, оқу-әдістемелік қорының, материалдық базасының күшеюіне Абай атындағы Қазақ педагогикалық, Ақмола және Қостанай педагогикалық, сонымен қатар Алматы шет тілдері институттары баға жетпес көмек көрсетіп, үлкен үлес қосты.

Ресейдің К.Д.Ушинский атындағы 100 жылдық тарихы бар Ярослав педагогикалық институты қамқорлыққа алып, ұзақ жылдар бойы қажетті ғылыми-тәлімгерлік жетекшілік жүргізді.

Оқу орнының қалыптасу жылдарында жас профессор-оқытушыларға Кеңестік елдің Мәскеу, Санкт-Петербург, Киев, Минск, Қазан, Алматы, Қарағанды т.б. қалалардағы жетекші жоғары оқу орындарында үлкен мүмкіндіктер жасалды. Нәтижесінде 1980-ші жылдардың аяғында институттың профессор-оқытушылар құрамы 300-ге жақындап, студенттер саны 3000 асты. Институт 21 мамандық иесін дайындайтын, үш корпусы бар, 4 жатақханамен қамтылған салмақты, Қазақстанға танымал жоғарғы оқу орнына айналды.

Жалғасы 7 бетте

Қазақ халқының ұлы ағартушысы Ы.Алтынсарин атын иеленген ЖОО бабамызды ұлықтау мен таныту жолында іргелі іс-шаралардың бастамашысы болды.

Солардың бірі институт қабырғасында ағартушы мұражайының ашылуы болатын. 1976 жылдың қазан айының 20-сы институт тарихының жарқын беттерінің бірі болып есептелінеді, себебі бұл күні ағартушы ғалым Ы.Алтынсариннің ғылыми-педагогикалық мұражайы қоғамдық негізде салтанатты түрде ашылды.

Ы.Алтынсарин мұраларын жинап, Торғай даласындағы оқу-ағарту ісінің тарихын зерттеу жұмыстары 1974 жылдан бастап қолға алына бастайды. Осы бір ізгі бастаманы алғашқы қолға алып, жетекшілік жасағандар сол кездегі институт ректоры т.ғ.к., профессор Мырзағали Отарұлы Төлегенов және Педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі ф.ғ.к., доцент Әсет Исламғалиұлы Ламашев болатын.

Өткенге көз жүгіртсек, содан бергі уақыт ішінде Ы.Алтынсарин мұраларын зерттеу барысында, ұлы ағартушының өмірі мен шығармашылық жолын баяндайтын ресми құжаттар, құнды материалдар, жинақталған жәдігерлер қазір үлкен бір мұражай үйіне айналғаны байқауға болады.

Олардың арасында, «Ы.Алтынсарин өмірі мен шығармашылығы», «Атажұрты», «Нағашы жұрты», «Отбасы»,

1977 жылы институтқа ұлы ағартушы-ұстаздың есімінің берілуі Торғай жұртшылығы үшін қуанышты хабар болды. Торғай төсінде ашылған тұңғыш жоғары оқу орнына Ыбырай есімін бермесек, онда елдігімізге үлкен сын болған болар еді. Сондықтан Ы.Алтынсариннің есімінің берілуі заңды болатын.

1990-шы жылдардағы елімізде қалыптасқан ауыр жағдай Торғай жұртшылығын да сырт айналып кеткен жоқ. Қазақстан бойынша жоғарғы кәсіби білім беруді жаппай университеттік жүйеге көшірілген сол бір кезеңдерде АрқПИ елімізде қалған екі педагогикалық институттың (ҚызПИ) бірі болып сақталып қалды.

Бүгінгі таңда Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты аймақтың білім беру, әлеуметтік-мәдени дамуы үшін жоғары азаматтық көзқарастағы күзиретті, көптілді, заманауи білім беру моделін жүзеге асырушы механизмдері мен құралдарын білетін және оны меңгерген педагог-маман-дарды дайындайтын жоғары оқу орны болып отырған жайы бар.

Институтта 2 оқу ғимараты, 5 мамандандырылған залы бар спорттық-сауықтыру кешені, компьютерлік, мультимедиялық сыныптар, интерактивтік дәрістік аудиториялар, асхана, медпункт бар.

Білім ордасында психологиялық-педагогикалық кешен, ақпараттық-кітапхана кешені, мультисервистік білім кешені,

Олардың арасында, «Ы.Алтынсарин өмірі мен шығармашылығы», «Атажұрты», «Нағашы жұрты», «Отбасы», «Таза бұлақ бастауы», «Ыбырайға дейінгі білім ошақтары», «Тұңғыш қоңырау үні», «Колонер мектебі», «Ы.Алтынсариннің достары, ізбасарлары», «Ыбырайтанушылар» т.б. экспозициялық бұрыштар ұлы баба құндылықтарынан сыр шертіп тұр.

Мұражайдағы жәдігерлер ішінде Ыбырайдың немересі Нағима апайдың мұражайға әкеліп тапсырған ағаш тоstaканы, баласы Әбдірахманның (Абдолла) етік тігетін құрал-жабдықтары, ұрпағы ақын М.Хәкимжанованың өзінің киген қамзолы мен үкілі тақиясы, шапаны, сөмкесі, Ы.Алтынсариннің нағашы жұрты Б.А.Бірімжановтың киген костюм-шалбары, шерткен домбырасы, кітаптары сақталған.

Ы.Алтынсариннің 1864 жылы 8 қаңтарда Торғайда ашқан тұңғыш қазақ мектебінің мәкеті, әр өңірде ашылған мектептерде пайдаланылған қоңыраулар, Ыбырайтанушылар мен ізбасарларының еңбектері, орыс, украин достарының кітаптары, олармен алмасқан естелік хаттары, құжаттар, суреттер мұражайдың төрінен орын алып тұр.

Мұражайдың болашағы жарқын, келешегі кемел. Ұлы бабамыз атындағы оқу ордасын еліміздің түкпір-түкпіріне әлі де таныта беретініне сеніміміз мол.

Білім ордасында психологиялық-педагогикалық кешен, ақпараттық кітапхана кешені, мультсервистік білім кешені, оқу-лабораториялық мұражай кешені, Аймақтық тарихи және мәдени мұраларын зерттеу орталығы, Эстетикалық дамыту орталығы жұмыс істейді.

Бүгінде АрқПИ-де студенттердің толыққанды оқумен қатар, демалуға да барлық жағдайлар жасалған, жайлы жиназдармен жабдықталған, заманауи халықаралық стандарттарға сай келетін 2 студенттер үйі бар.

Институт оқытушылары Пенсильвания, Халықаралық менеджмент және технология академиясы, Ньюкасл, Норвич, Беркли, Лондон қалаларындағы шетелдік білім беру және ғылыми ұйымдарында біліктіліктерін арттырып, тағылымдамадан өтуде.

Қазіргі таңда институт Ыбырай Алтынсарин, Ахмет Байтұрсынұв, Міржақып Дулатовтардың ағартушылық идеясы мен дәстүрін жалғастырушы және жүзеге асырушы оқу орны болып отыр. Торғай өңірінің жарқын болашағы үшін білікті педагог мамандарын даярлап шығару, Ыбырай атамыз салып берген дара жолды жалғастыру ісінде Арқалық педагогикалық институтының алар орны ерекше бола бермек.

Сондықтан, егемен елдің ертеңгі тұтқасы болар ұрпақ тәрбиелеу жолында институт тұғыры қашан да биік болмақ.